

**Рая Нұрданқызы Акегожаева<sup>1\*</sup>, Айгүл Серікқызы Мурзинова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0008-6435-7128 E-mail: raya.nurdan91@gmail.com

<sup>2</sup> философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2208-3049 E-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.kz

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒҰРЫПТЫҚ РӘСІМДЕРДІҢ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

**Андатпа.** Мақалада ғұрыптық рәсімдер этностың рухани өмірі мен мәдениетінің маңызды компоненттерінің бірі ретінде сипатталады. Олар лингвомәдени ұжымның нормаларын, құндылықтары мен тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайтын феномен ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес адамның генетикалық жадында құрылымдық-бейсаналық білім ретінде сақталған және ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасатын екінші мәнді скриптонимдерге жан-жақты талдау жасау – зерттеу жұмысының мақсаты. Зерттеу мақсатына жету үшін ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік деректердің екінші мағынаға ие болуы, репрезенттелуі жайында тұжырымдарға талдау жасалып, лингвомәдени кодтар айқындалып, талданады. Антропоэекті парадигманың аясында ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасқан екіншілік мәнді скриптонимдердің, лингвомәдени кодтардың семантикалық ауысу тәсілдерін анықтау – қазақ халқының этникалық бірегейлігі мен тілдік санасының ерекшелігін айқындайтын әдіс ретінде танылады. Мақалада екіншілік мағынаға ие болған тілдік қолданыстардың мағынасын ашу үшін этимологиялық талдау, мәліметтерге концептуалды және лингвомәдени түсінік беру әдістері қолданылады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде акционалды код құрайтын тілдік бірліктердің ішінде көбінесе тыйым сөздердің скриптонимдерге ұйытқы болатыны анықталады. Соның ішінде, екінші мағынаға ие болған скриптонимдердің қазіргі тілдік репрезентациясы қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы жазылған еңбектер мен көркем әдебиет беттерінен алынған мысалдармен дәйектеледі. Зерттеу жұмысында талданған скриптонимдер мен оларға берілген лингвомәдени, концептуалдық түсініктерді мәдениетаралық қатысымды жеңілдететін құрал ретінде, өзге тілді аудиторияда қазақ тілінің төл сөздерінің мағынасын, этимологиясын түсіндіруде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** ғұрыптық рәсімдер; скриптонимдер; лингвомәдени кодтар; екіншілік мағына; метонимия; акционалды код

**Сілтеме жасау үшін:** Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С. Қазақ тіліндегі ғұрыптық рәсімдердің тілдік репрезентациясы. *Tiltanyum*, 2024. №3 (95). 108-120-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-108-120>

**Рая Нурданқызы Акегожаева<sup>1\*</sup>, Айгүл Сериковна Мурзинова<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0009-0008-6435-7128 E-mail: raya.nurdan91@gmail.com

<sup>2</sup> доктор философии (PhD), Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2208-3049 E-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.kz

**ЯЗЫКОВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ РИТУАЛЬНЫХ ОБРЯДОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

**Аннотация.** В статье проанализирована роль ритуальных обрядов в сохранении и передаче будущим поколениям норм, ценностей и опыта лингвокультурного коллектива, характеризуя их как один из важнейших компонентов духовной жизни и культуры этноса. В этой связи, целью исследовательской работы является проведение всестороннего анализа вторичных скриптонимов, хранящихся в генетической памяти языкового носителя как структурно-бессознательные знания и формирующихся на основе ритуальных обрядов. Для достижения цели исследования анализируются выводы о вторичном значении и репрезентации языковых данных, связанных с ритуальными обрядами, а также определяются и анализируются лингвокультурные коды. В рамках антропоцентрической парадигмы определены способы смыслового перехода вторичного значения скриптонимов, лингвокультурных кодов, формируемых на основе ритуалов, признается методом, определяющим специфику этнической идентичности и языкового сознания казахского народа. В статье были использованы этимологический анализ, концептуальные и лингвокультурологические методы интерпретации для выявления значения вторичных скриптонимов. В результате исследовательской работы было установлено, что среди языковых единиц, образующих акциональный код, чаще всего табуированные слова служат основой скриптонимам. Современная языковая репрезентация скриптонимов со вторичным значением подкрепляется примерами из художественной литературы и работ о казахских обычаях и традициях. Анализируемые в исследовательской работе скриптонимы и предоставленные им лингвокультурные понятия могут быть использованы как инструмент, облегчающий

межкультурное общение, в интерпретации значения, этимологии исконных слов казахского языка в иноязычной аудитории.

**Ключевые слова:** ритуальные обряды; скриптонимы; лингвокультурные коды; вторичное значение; метонимия; акциональный код

**Для цитирования:** Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С. Языковая репрезентация ритуальных обрядов в казахском языке. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). С. 108-120 (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-108-120>

**Raya Akegozhayeva<sup>1\*</sup>, Aigul Murzinova<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup>Corresponding author, doctoral student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0008-6435-7128 E-mail: raya.nurdan91@gmail.com

<sup>2</sup> Doctor of Philosophy (PhD), Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-2208-3049 E-mail: murzinova.aigul@qyzpu.edu.kz

## LINGUISTIC REPRESENTATION OF RITUAL CEREMONIALS IN THE KAZAKH LANGUAGE

**Abstract.** The article describes ritual rituals as one of the most important components of the spiritual life and culture of an ethnic group. They are considered as a phenomenon that transfers the norms, values and practices of the linguocultural collective from generation to generation. Accordingly, the purpose of the research is to conduct a comprehensive analysis of the second-meaning scriptonyms, which are stored in the genetic memory of a person as structural-unconscious knowledge and are formed on the basis of ritual rituals. To achieve the purpose of the study, conclusions about the secondary meaning, representation of linguistic data related to ritual rituals are analyzed, linguocultural codes are identified and analyzed. The definition of the methods of semantic transition of secondary significant scriptonyms, linguocultural codes formed on the basis of ritual rituals within the framework of the anthropospecific paradigm is recognized as a method of determining the ethnic identity and peculiarities of the linguistic consciousness of the Kazakh people. The article uses etymological analysis, conceptual and linguocultural interpretation methods to reveal the meaning of language usages that have a secondary meaning. As a result of the research work, it is determined that among the language units that make up the action code, taboo words are often the catalyst for scriptonyms. In particular, the modern linguistic representation of scriptonyms, which have acquired a secondary meaning, is supported by examples from the pages of works and fiction about Kazakh customs and traditions. The scriptonyms analyzed in the research work and the linguocultural and conceptual concepts assigned to them can be used as a means of facilitating intercultural participation, in explaining the meaning and etymology of native words of the Kazakh language in a foreign language audience.

**Keywords:** ritual ceremonials; scriptonyms; linguocultural codes; secondary meaning; metonymy; promotional code

**For citation:** Akegozhayeva R., Murzinova A. Linguistic Representation of Ritual Ceremonials in the Kazakh Language. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). P. 108-120. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-108-120>

### Кіріспе

Ұлт танымы ғасырлар бойы қалыптасып, заман ағымына, уақыт талабы мен өмір сүру жағдайына байланысты өзгерістерге ұшырайды. Кейбір салт-дәстүрлер, рәсімдер мен жоралғылар өткен заманның еншісінде қалады. Дегенмен оларды мүлдем жойылып кетеді деп айта алмаймыз. Тілді тарих пен мәдениеттің тасымалдаушысы деп қарастыратын болсақ, өткеннің сарқыншағы болып, тілде белгілі бір этнотілдік таңбалар сақталып қалады. Этнотілдік санадағы мұндай лингвистикалық таңбаларды, яғни лингвомәдени кодтарды тіл білімінде скриптонимдер деп атайды. Скриптонимдер – ғұрыптық рәсімдер, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ойындар, мерекелердің негізгі атрибуттарына байланысты қалыптасқан, екінші мәнге ие болған тілдік қолданыстар, әр халықтың мәдени бірегейлігін репрезенттейтін тілдік бірліктер. Бұл терминді когнитивтік зерттеулер аясына О.И. Быкова енгізді. Ол скриптонимдерді «ғұрыптық рәсімдердің және оларға қатысты атрибуттардың, рәсімді орындаушы субъектілердің атаулары» деп қарастырады (Быкова, 2005: 210). А.С.Мурзинова өз зерттеуінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі скриптонимдерге салғастырмалы талдау жасай отырып, оларды аксиологемалық стереотиптерге ұйытқы болатын рухани мәдениет деректі тілдік таңба ретінде анықтайды (Мурзинова, 2021:142). Осы уақытқа дейін түркі тіл білімінде «скриптонимдер» термині жеке-дара зерттеу нысанына алынбады. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, бастапқы семантикасының өзгеру мәселелері біршама зерттелгенімен, «скриптоним» ұғымы лингвистикалық термин ретінде қарастырылмады. Осы тұрғыда скриптонимдер екіншілік мәнге

ие болғанмен, өн бойында ғұрыптық рәсімдерге қатысты құнды ақпаратты (код) сақтап қалатынын ескерсек, мұндай кодтарды ашу этномәдени ұжымның тарихи жадысын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

### **Материалдар және әдістер**

Мақалада келтірілген тұжырымдар қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, этнографиялық зерттеулер туралы жазылған еңбектерден (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011), (Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, 2001), (Ақбай, 2008), қазіргі тілдік репрезентациясы медиа-контенттерден алынған мысалдармен дәйектелді. Мақалада ұлттық ойындарға қатысты, екіншілік мағынаға ие болған тілдік қолданыстардың мағынасын ашу үшін *сипаттамалық, этимологиялық талдау*, сондай-ақ тыйым сөздер ұйытқы болған скриптонимдерде шифрленген лингомәдени кодтарды талдауда *мәліметтерге концептуалды және лингвомәдени түсінік беру* әдістері қолданылды. Ғұрыптық рәсімдердің аясында қолданылатын тілдік бірліктердің мағыналарын Мағына<sub>1</sub> (бұдан әрі – М<sub>1</sub>), ал уақыт өте келе қалыптасқан немесе қолданысқа ие болған екіншілік мағыналарын Мағына<sub>2</sub>, Мағына<sub>3</sub>... (бұдан әрі – М<sub>2</sub>, М<sub>3</sub>...) деп белгілейтін боламыз.

### **Әдебиетке шолу**

Мақалада ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасқан сакралды тілдік бірліктерді жан-жақты зерттеген Ә.Қайдар (Қайдар, 2013), Н.Уәли (Уәли, 1984), К.Матыжанов (Матыжанов, 2021), М.Атабаева (Атабаева, 2006), Қ.Қалыбаева (Қалыбаева, Тымболова, Алишова, 2018), В.Телия (Телия, 1977), Н.Алиференко (Алефиренко, 2002), Н.Толстой (Толстой, 2013), С.Толстая (Толстая, 1994), А.Байбурун (Байбурун, 1993), Т.Банкова (Банкова, Угрюмова, Агапова, 2017) еңбектері қаралды. Екіншілік мағынаға ие болған, белгілі бір сценарийге негіз болатын тілдік қолданыстарды талдау барысында О.Быкова (Быкова, 2005), Н.Моторина (Моторина, 2013), А.Мурзинова (Мурзинова, 2021) зерттеу еңбектері мен кандидаттық, PhD дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияларына сілтеме жасалды. Қазақ тіліндегі скриптонимдердің семантикалық және сөзжасамдық деривациясын анықтауда Дж.Лакофф пен М.Джонс (Лакофф, Джонсон 2004), Бе Чуньхун (Чуньхун, 2019), П.Донец (Донец, 2012) теорияларына сүйеніп, тұжырымдар жасалды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Әрбір халықтың өзіне тән мәдениеті бар десек, тіл – оның рухани құндылықтары мен тәжірибесінің тасымалдаушысы ретінде осы мәдениетті репрезенттеуші негізгі құрал. М.Атабаева қай ұлттың болмасын сыры тілде екенін алға тартып, тіл арқылы есте жоқ ескі замандардан бері жүріп өткен жолдарының іздерін жаңғыртып көруге, түсінуге болады деген пікір білдіреді (Атабаева, 2006). Осы тұрғыда тілді мәдени-тарихи феномен ретінде сипаттаған кезде мәдениеттің негізгі бөлігі ғұрыптық рәсімдер мен тілдің байланысын қарастырмай кетуге болмайды. Ғұрыптық рәсімдер адам өмірінің барлық кезеңімен тығыз байланысты. Зерттеушілер оларды этностың рухани өмірі мен мәдениетінің ең көне және маңызды компоненттерінің бірі деп таниды. Ал ғұрыптық лексика халықтың рухани өмірінің барлық саласын қамтиды, сондықтан да ол – халықты «мәдениет, салт-дәстүр тұрғысынан салыстыра зерттеудің таптырмас құралы» (Қалыбаева, Тымболова, Алишова, 2018).

Ғұрыптық рәсімді мәдени мәтін деп қарастыратын болсақ, ол түрлі кодталған бөлшектерден тұрады. Атап айтсақ, *акционалды* (ғұрып – белгілі бір ретіліктен тұратын рәсімдер жүйесі), *нақты немесе заттық* (ғұрыптың барысында кейбір тұрмыстық заттармен немесе арнайы дайындалған рәсімдік құралдармен әрекеттер жасалады), *вербалды* (рәсімдерді орындау кезінде тілектер, баталар, дұғалар айтылады), *тұлғалық* (ғұрыптық рәсімдерді белгілі бір адамдар тобы орындайды), *локативті* (іс-әрекеттер ішкі немесе сыртқы кеңістікте іске асырылады), *темпоралды* (іс-әрекеттер жылдың, айдың, күннің белгілі бір мерзімінде немесе қандай да бір отбасылық немесе әлеуметтік оқиғадан кейін орындалады), *музыкалық* (арнайы сүйемелдеуші әуендер болады), *бейнелеушілік* (ғұрыптық заттарда, тағамда, киімде арнайы бейнелеуші таңбалар болады) (Толстой, 2013: 148).

Ғұрыптық рәсімдерді жан-жақты зерттеген А.К. Байбурун (Байбурун, 1993), С.М. Толстая (Толстая, 1994), К.С. Матыжанов (Матыжанов, 2021) сынды ғалымдар ғұрыптық рәсім халықтың

сакралдык деңгейі жоғары әрекеттерінің бірі деп танып, мәдени ұжымның өміріндегі барлық маңызды оқиғалар мен түйткілді мәселелер ғұрыптық рәсімдерді орындау арқылы шешіліп отырған деп есептейді. Осы тұрғыда Ә.Қайдар өз еңбегінде А.Байтұрсыновтың: «Бүгінгі заман – кешегі заманның баласы, ертеңгі заманның әкесі» деген сөзін келтіріп, салт-дәстүр жалғастығы – ұрпақ жалғастығының кепілі деген пікір білдіреді (Қайдар, 2013). Ғаламның пікірін ары қарай дамытсақ, ғұрыптық рәсімдер салт-дәстүрдің негізгі бөлігі ретінде ұлттың ұлт болып қалуы үшін, өткені мен бүгінін біліп, болашағын бағдарлау үшін аса қажетті этнотілдік білім аясы.

Этнографиялық сөздікте ғұрыпқа негізделген, ретпен атқарылатын ұжымдық іс-әрекет деген анықтама беріледі: «Ғұрып – ежелден орныққан әдеттік ұстанымдар мен нормалардың, ырымдар мен тыйымдардың социумдық қажеттілікке байланысты дағдылы қалыппен және ретпен атқарылатын ұжымдық іс-әрекет арқылы көрініс беруі. Әдеттік ұстанымдар мен нормаларды өз кезегінде дәстүрлі дүниетанымның ілкімді принциптері мен тәсілдерінің, әсіресе, наным-сенімнің категориялары мен ұғымдарының «қолданбалы» (іс-әрекеттік) модельдері деуге болады. Яғни іс жүзінде әлеуметтік мәнді мәселелерге байланысты ру-қауым мүшелерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұстанымдары, принциптері мен нормалары болып табылады» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011).

М.В. Хорохордина неміс тіліндегі мәдени кеңістіктегі білімнің репрезенттелу жолдары туралы диссертациясында: «Адамдардың күнделікті тұрмыстағы әрекеттерінің басым көпшілігі рәсімдерге негізделеді. Рәсімдер арқылы алдыңғы лингвомәдени қоғамның нормалары, құндылықтары мен тәжірибелері сақталып, болашақ ұрпаққа тасымалданады. Белгілі бір қоғамда қабылданған ережелер мен өзін-өзі ұстау қағидаларын меңгермей әлеуметтену үрдісінен өту мүмкін емес» (Хорохордина, 2018: 4) – деп, рәсімдер арқылы тасымалданатын ақпаратты меңгерудің маңыздылығын атап өтеді.

Ғұрыптық рәсімдерге қатысты мәтіндер «түпнұсқа» прототипімен салыстырғанда таңбаланып беріліп, екіншілік мағынаға ие болып, белгілі бір зат немесе әрекет ғұрыптың құрамында күнделікті, үйреншікті емес, символдық, сакралдық мағынасында жұмсалады. Бұл туралы Т.Б. Банкова: «Ғұрыпқа қатысты мәтіндердің арасынан бір лексема мәдени коннотацияға ие болып, рәсімдік сөзге айналып, сакралды бірлік ретінде қызмет атқарады» (Банкова, Угрюмова, Агапова, 2017: 23), – деген пікір білдіреді. Бұндай екіншілік лингвомәдени мағына ғұрыптық рәсімдер аясындағы бастапқы мағынасынан мүлдем алшақ болуы мүмкін. Алайда кей жағдайда екіншілік мағынаның заттар мен әрекеттердің табиғи, біріншілік қасиеттерімен тығыз байланысты екенін де аңғаруға болады.

В.Н. Телияның типологиясына сәйкес «екіншілік номинативті бірліктер автономды (жеке номинативті қызмет атқарады) немесе автономды емес, яғни жанама (екіншілік мағына бастапқы мағынамен байланысты болады)» сипатта болады (Телия, 1977: 129). Н.Ф. Алефиренко өзінің зерттеулерінде екіншілік мағынаға ие болған таңбалардың ақпараттық сипаты басым болатынын атап өтеді (Алефиренко, 2002). Демек ғұрыптық рәсімге қатысты мәтіннің ішіндегі мәдени коннотацияға ие болған лексема ғұрыптың басқа да белгілері туралы хабар беретін тірек сөзге, сакралды бірлікке айналады. Н.В. Моторина лингвомәдени скриптер туралы кандидаттық диссертациясында «ғұрыптық рәсімдер қатаң бекітілген коммуникативтік қадамдардан тұрады» дейді (Моторина, 2013: 10). Когнитивті-дискурсивті парадигманың аясында тасымалданатын ақпараттың формасына қарай ғұрыптық рәсімдер сценарий ретінде қарастырылады. Біздің пайымдауымызша, бұл сценарий ғұрыптық рәсімге қатысты сакралды мәнге ие болған лексемаға мәтіндік корпус ретінде бекіп, ұрпақтан-ұрпаққа тасымалданып отырады. Дегенмен уақыт өте келе сакралдық мәні бәсеңдей түсіп, мағынасы тарылып немесе керісінше кеңейіп, екіншілік мағына үстеледі.

Бұл құбылыс бізді қоршаған ортада жаңа құбылыстардың пайда болуымен, қолданыстағы ұғымдарды немесе когнитивті құрылымдарды қайта қарастырып, оларға атау берумен байланысты. Нақтырақ айтсақ, тілдік құралдарды үнемдеу қағидасы және адамдардың лингвокреативтік әрекеті жаңа пайда болған когнитивтік құрылымдарды таңбалауда қолданыстағы атаулық бірліктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Адамның жаңа ақпаратты қабылдау және танудағы қағидаларының бірі екіншілік мағына үстеу үрдісі арқылы іске асады.

Яғни жаңа заттардың бәрі ескімен салыстыру арқылы танылады. Осы тұрғыда Н.Уәли өзінің сөз мәдениетіне қатысты еңбегінде кейде тарихи-археологиялық деректер үнсіз қалған тұста сөздер сөйлейді деп тұжырымдап, сауын айту рәсімінің (Н.Уәли «ритуал» деп қолданады) бүгінде хабар айту мағынасына ие болып, қоғамдық термин қызметінде жұмсалғанын айтады (Уәли, 1984). Сонымен қатар, ғалымның пікірінше, бұндай сөздердің мағынасын түсіну үшін сөз тарихынан құлағдар болу керек.

О.Быкова осы екіншілік мағынаға ие болған, белгілі бір сценарийге негіз болатын тілдік қолданыстарға «скриптонимдер» деген терминдік атау береді (Быкова, 2005). Скриптонимдерде белгілі бір лингвомәдени қоғамның ойлау, шындықты концептуалдау және категориялау, әлемді қабылдау ерекшелігі көрініс табады. Халықтың күнделікті және мәдени өміріндегі жаңа ұғымдарды репрезенттеуші қызмет атқарады.

А.Мурзинова О.Быкованың пікірін қуаттай отырып, іс-әрекетке, қойылымға, көрініске негізделетін рәсімдер, салт-жоралғылар, ғұрыптар тілде скриптонимдер арқылы бейнеленеді деген пікір білдіреді және: «Скриптонимдер ұлттық-мәдени маркерлі репрезентанттар ретінде этнос өкілдерінің өзіне тән архетиптік түсінігі мен сакралды дүниетанымын, ділін, құндылық бағдарын кескіндейді» (Мурзинова, 2021: 23), – деп толықтыра түседі. М.Хорохордина екінші мәнді скриптонимдерді тілдің коннотаттық қорын толықтырушы көз ретінде қарастырып, жаңа мәдени-деректі тілдік мағына концептуалды интеграция және метонимия, метафора, метафтонимия механизмдері арқылы қалыптасатынын айтады (Хорохордина, 2017).

Скриптонимдер арқылы репрезенттелетін жаңа мағыналар мен концептуалдық құрылымдарды түзуде семантикалық және сөзжасамдық деривация өзара тығыз байланыста болады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі қазақ тіліндегі скриптонимдердің семантикалық және сөзжасамдық деривациясында метонимияның когнитивті механизмінің рөлі басым екені анықталды.

Дж.Лакофф пен М.Джонс өз еңбектерінде метонимияны шындықты концептуалдаудың маңызды құралы, когнитивті феномен ретінде қарастыруды ұсынады (Лакофф, Джонсон, 2004: 62). Ал Б.Бопайұлы метонимия деп «өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдардың бірінің орнына бірін қолдану» деп анықтайды. Сонымен қатар ғалым метонимияның екі нәрсенің арасындағы байланыс негізінде бірінің орнына бірін қолданатын алға тартып, «байланыс жағынан ассимиляциялау» деп атайды (Бопайұлы, 2020). Біз аталған ғалымдардың пікірлерін қуаттай отырып, өз тарапымыздан қандай да бір құбылысты концептуалдау процесінде оның қандай да бір аспектілері ерекше мәнге ие болып, актуалданады, басқаларының ақпараттық әлеуеті бәсеңдеп, толықтырушы қызметке көшеді деп ойлаймыз. Яғни, метонимияға адамның қабылдау сезімінің талғампаздық қасиеті негіз болады.

Скриптонимдердің екіншілік мәнінің бекіп, тұрақтануына түрлі лингвомәдени кодтар ұйытқы болады. Соның ішінде мәдени акционалды кодтар арқылы репрезенттелген скриптонимдердің басым екені анықталды. Бе Чуньхун акционалды код қандай да бір іс-әрекеттің көрінісін бейнелейді деген пікір білдіреді. Акционалды бірліктер өрісінің өзегі – адам өмірінде маңызы жоғары іс-әрекеттердің атауы (Чуньхун, 2019: 175). В.Н. Телия акционалды кодты өте күрделі ұғым деп танып, акционалды кодты сипаттау үшін күрделі құрылымды терминдерді пайдалануды ұсынды: *антропты іс-әрекеттерді бейнелеуші* (бросать камень в огород); *аспаздық іс-әрекеттерді бейнелеуші* (заварить кашу); *кеңістіктегі іс-әрекеттерді бейнелеуші* (падать духом), *физикалық іс-әрекеттерді бейнелеуші* (пойти по стопам), *зоофморфты әрекеттерді бейнелеуші* (витать в облаках) (Телия, 1996: 166). Яғни ол акционалды код деп адамның іс-әрекетін, мінез-құлқын немесе жай-күйін, қоршаған ортаға деген көзқарасын сипаттайтын етістіктер немесе етістікті компоненттердің (жеке немесе тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылуы мүмкін) жүйесі деп түсінеді. П.Н. Донец акционалды кодтардың қатарына көптеген ғұрыптық рәсімдерді, соның ішінде сый-құрмет білдіру/білдірмеу, тыйымдарды сақтау/сақтамау әрекеттерін жатқызуға болады деп есептейді (Донец, 2012: 9).

Біздіңше, акционалды код – лексемалар арқылы репрезенттелетін адамның түрлі әрекеті атауларының жиынтығы. Бұл әрекеттер әлем туралы мифологиялық түсініктермен, ұлттық-мәдени ерекшелікпен байланысты типтеніп келеді. Акционалды код құрайтын тілдік бірліктердің

ішінде тыйым сөздер скриптонимдерге көбірек ұйытқы болады.

Мәселен, үлкендердің кішкентай балаларға «ысқырма» деп тыйым салғандарын жиі естиміз. «Ысқыру» лексемасын тамақтан шыққан ауаны тіл мен тісті пайдаланып үрлеп шығарылатын дыбыс, қимыл атауы деп сипаттасақ болады. Ал сакралды ұғымда ысқыру жамандық шақыру, береке-дәулетті қашыру ұғымымен мағыналас келеді. «Ысқыру» сөзіне жағымсыз мәннің үстелуін мынандай рәсіммен байланыстырып қарасақ болады. «Қазақтардың нанымындағы желдің иесі саналған тылсым күш – Жалаңаш ата... Астық дәнін суырып, тазалайтын уақытта жел болмаса қазақтар Жалаңаш атаға ысқырып хабар берген, ...сыйынып өлең оқыған»

«Уа, Жалаңаш ата,

Ысқырып та шақырамын,

Шығыс, Батыстан ұйытқып соқ!

Тау шыңынан ұйытқып соқ!

Қаһарланып шығыстан соқ!

Сен келмесең көмекке,


Сабаным қалды ұшырылмай,

Үпелек те қалды ұшпай,

Жемім қалды желтінбей...» (Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, 2001: 166).

Бірақ басқа уақытта жел егін басын қисайтып, тіпті ұшырып әкетуі мүмкін деген сеніммен, Жалаңаш атаны шақырасың деп ысқыруға тыйым салған. Яғни бертін келе бұл рәсім қолданыстан шығып, ұмыт болған. Бірақ «ысқыру» лексемасында осы рәсімге қатысты екіншілік коннотаттық мағына сақталып қалған.

*Бүйіріңді таянба.* Күнделікті тұрмыста бүйір таяну адамның қалыпты іс-әрекеті, мәселен адам екі қолын бүйіріне қойып жаттығу жасайды. Ал ғұрыптық рәсімге қатысты лексикада адамның бүйірін таянуы жаман әдетке жататындықтан, үлкендер жастарды бұл әрекеттен тыйып отырған. Бұл әрекеттің жағымсыз мәнге ие болуы ертеде күйеуі өлген әйел шашын жайып, екі қолын бүйіріне таянып дауыс шығарып жылау рәсімімен байланысты болса керек. Сондықтан себепсіз белді таяну – жалғыз қалдым, сүйеу болар азаматымнан айырылдым деген мағынаны білдіреді. Бүгінде осы жоқтау рәсімі ұмыт болғанмен халықтың этномәдени жадысында бүйір таяну, шаш жаюға қатысты жағымсыз екіншілік мағына сақталған (Сызба 1).




Сызба 1 – «Бүйірін таяну» ұғымының мағыналық даму сатылары

Схема 1 – Этапы семантического развития понятия «бүйірін таяну» (*подбочениться*)

Scheme 1 – Semantic development of the concept of «buyirin tayanu» (*put hands on hip*)

*Айналмақ.* Қазақ халқында жасы үлкен адамдар жастарға, балаларға үстелді айналма, үйді айналма, адамды айналма деп тыйым салып жатады. Ғұрыптық рәсімдер тұрғысынан қарастыратын болсақ «айналмақ» өзге адамның өмірін сақтап қалу үшін, өзінің жанын пайда етіп, амал жоқтықтан жасалатын рәсім. «Ш.Уәлихановтың айтуынша, «айналмақ» рәсімі бойынша өзін құрбандық, садақаға қидым деген адам ауырып жатқан адамды үш рет айналып шығуы керек» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011). Мәселен, әке-шешесі баласының ауруына шипа таппай, үміті үзілген кезде Алла Тағалаға сиынып, «Баламның орнына мені ал, өзімді құрбандыққа шалдым» деп тілек тілеп, хәл үстінде жатқан адамды айналып шығатын болған. Этнолог Нұрсан Әлімбаевтың айтуынша, айналып-толғанғанда жиі қолданылатын «айналайын» сөзі – осы рәсімнің, сондай-ақ, бақсының ауруды айналып емдеу үрдісінің семантикалық контаминациялық түрленіске түскен когнитивтік бейнесі

(Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011). Қазіргі күнделікті тұрмыста «айналмақ» рәсімі орындалмағанымен, халықтың этнотілдік санасында «айналу» лексемасына екіншілік коннотаттық мағына сақталып қалған. Қазіргі қазақ тіліндегі «айналайын» сөзі *сенің жолында құрбан болайын, садағаң кетейін деген секілді* мейірлену, емірену мәніне ие болған. Сонымен қатар қазір айналайын сөзінің тілдік қолданыста жеку, ұрысу мағынасына ие болғанын көріп жүрміз (Сызба 2).



Сызба 2 – «Айналмақ» рәсіміне қатысты «айналайын» сөзінің мағыналық даму сатылары

Схема 2 – Этапы семантического развития слова «айналайын» в отношении ритуала «айналмақ» (кружиться)

Scheme 2 – The stages of the semantic development of the word «ainalaiyn» in relation to the ritual «ainalmaq» (going around or circling)

Жоғарыда ғұрыпқа қатысты мәтіндердің арасынан бір лексема мәдени коннотацияға ие болып, рәсімдік сөзге айналады, яғни актуалданады деген едік. Зерттеуімізде скриптонимдердің репрезенттелу үрдісінде актуалдаудың келесідей жолдары негіз болатыны анықталды (Сызба 3).



Сызба 3 – Ғұрыптық рәсімдер негізінде қалыптасқан скриптонимдердің репрезенттелу үрдісіндегі актуалдау жолдары

Схема 3 – Пути актуализации в процессе репрезентации скриптонимов, сформированных на основе ритуальных обрядов

Scheme 3 – Ways of actualization in the process of representation of cryptonyms formed on the basis of ritual ceremonies

Осы актуалдау жолдарына жеке-жеке тоқталып, талдап көрейік:


а) *ғұрыптық рәсімге қатысты атрибут. Ақ киізге көтерді* «Ақ киізге салып көтеру – хандық дәуірде қазақтың хансайлау дәстүрінің ең шарықтау көрінісі» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011). Киіз қазақ халқының тұрмысындағы ең керекті бұйымдарының бірі. Киізді киім, киіз үйге жабынды, еденіне төсеніш ретінде пайдаланды. Ал ақ түс қашан да әділдік пен адалдықтың, жақсылық пен тазалықтың белгісі саналған. Киелі заттардың барлығын аққа балап отырған. Осы себептен де халқымыздың ұғымындағы ақ киіздің рөлі ерекше болған. Бүгінде *ақ киізге көтерді* тіркесі адамдарға сый-құрмет көрсету дегенді білдіріп, екіншілік мағынаға ие болған (Сызба 4).



Сызба 4 – «Ақ киізге көтеру» ұғымының мағыналық даму сатылары  
 Схема 4 – Этапы семантического развития понятия «ақ киізге көтеру»  
 (поднятие на белом войлоке)

Scheme 4 – Stages of semantic development of the concept of «aq kiizge koteru»  
 (carrying on the white felt)

ә) *ғұрыптық рәсімді орындаушы субъект. Жеңгетай* «Дәстүрлі ортадағы қыз бен жігіттің танысып-табысуына қызмет ететін дәнекерлік әрекет. Екі жастың табысуына, бас қосуын, жарасып кетуі үшін жеңгетайлықтың қоғамдағы орны үлкен болып саналған» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011). Қазақ халқында құда түскеннен кейін ұрын келген күйеу жігітті қалыңдығымен таныстыру үшін жеңгесі ең алғаш шымылдықтың ар жағындағы қыздың қолынан ұстатып, шашынан сипатқан. Кейін күйеу жігіт қыздың жеңгесіне «қол ұстатар», «шаш сипатар» сыйлықтарын берген. Бұл жерде рәсімді орындаушы субъект алдыңғы рөлге шығып, рәсімге қатысты мәтіндік корпусты тасымалдап тұр. Қазіргі уақытта *жеңгетай* сөзі кез келген екі адамның арасында жүретін дәнекер мағынасына ие болған. Сонымен қатар, контексте қолданылуына байланысты жағымсыз мән үстелген (Сызба 5).




Сызба 5 – «Жеңгетай» ұғымының мағыналық даму сатылары  
 Схема 5 – Этапы семантического развития понятия «жеңгетай» (сваха)  
 Scheme 5 – The stages of the semantic development of the concept «zhengetai» (matchmaker)

б) *іс-әрекетті орындаудың объектісі. Қамшы тастау* «Дауласқан, таласқан екі жақтың сөзбен айтысар, кінәласар алдында жерге қамшыларын тастап кезек алу рәсімі» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011). Қазақ халқының түсінігінде ер азамат және қамшы ұғымы қатар жүрген. Қамшының магиялық күшіне сеніп,



үйдің төріне іліп, кейде тіпті жастығының астына қойып жатқан. Сондай-ақ қамшыны биліктің символы ретінде қарастырған. Қазақ халқының қамшыға қатысты осындай түсініктері уәжделіп, екіншілік мәнге ие болып, сөз сұрау, рұқсат, кезек алу мағынасында қолданылады (Сызба 6).




Сызба 6 – «Қамшы тастау» ұғымының мағыналық даму қадамдары

Схема 6 – Этапы семантического развития понятия «қамшы тастау» (бросать камчу)

Scheme 6 – Stages of semantic development of the concept «qamshy tastau» (throwing the whip)

в) Байланыс жағынан ассимиляциялау немесе метонимия. Үкі тағу «үкінің үлпілдеген қауырсын жүнін «қасиетті» деп, жас баланың бесігіне, қыздар мен жігіттердің бас киіміне тағу дәстүрі. Сондай-ақ айттырылған қыздың қалыңдық болғанының белгісі ретінде берілетін кәде» (Ақбай, 2008). Қазақ халқы үкіні қасиетті құс санап, жын-шайтаннан, тылсым күштерден қорғайды деп сенген. Тіптен әйел жаңа босанғаннан кейін баланың жолдасы түспесе, құдайдан сол жолдасты ұстап тұрған жын-шайтандардан құтқаруды өтінген. Осы мақсатта бірнеше рәсімдерді орындаған. Соның бірі, «дауысы арқылы жын-шайтанды қуады деген сеніммен үкіні жас босанған әйелдің жанына әкеліп, күшпен шаңқылдатады» (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 2006).

Сондай-ақ «үкі тағу» – құда түсу салтының алғашқы рәсімі. Бұл бір шетінен тіл-көзден, жын-шайтаннан сақтасын деген ниет, екіншіден қалыңдықтың ата-анасына бұл енді біздің баламыз деген белгі болса, екінші жағынан, сол ауылдағы бойдақ жігіттерге бұл қыздың басы бос емес, атастырылған, күйеу жігіті бар деген ескерту ретінде тағылған. Осы тұрғыда айта кететін бір жайт Н.Уәли қазіргі кезде мектептерде кең тараған «Үкілі қыз» байқауының атауын сынға алады. Ғалым байқауды ұйымдастырушылардың үкілі қыз тіркесінің түпкі мағынасын түсінбейтінін айтып, оның тек құда түскен қыздарға қатысты қолданылатынын тілге тиек етеді (Уәли, 2021). Тұрмысқа шығатын қыздарға қатысты орындалатын үкі тағу рәсімінде үкінің өзі емес, қауырсынының сакралдық қасиеті артып, символық мәнге ие болған. Бұл құбылысты біз жоғарыда Б. Бопайұлы айтқандай, байланыс жағынан ассимиляциялаудың негізінде қалыптасқан метонимия деп танымыз. Бүгінгі таңда үкі тағу құда түсу рәсімінің белгісі ретінде қолданылады. Тіпті «үкі тағу» «құда түсу» ұғымының орнына жұмсалып, образды мәнге ие болған (Сызба 7).




Сызба 7 – «Үкі тағу» ұғымының мағыналық даму сатылары

Схема 7 – Этапы семантического развития понятия «үкі тағу» (украстить перьями филина)

Scheme 7 – Stages of semantic development of the concept «uki tagu» (wearing an owl's feather)

Сызба 7-ден көріп отырғанымыздай, қызға құда түскен кезде орындалатын үкі тағу рәсімі қалыңдықтың ұзату тойында құрбыларының қолына тағатын рәсім ретінде мағынасы кеңейтіп, «сендер де тұрмысқа шығындар, менің жолымды берсін» деген ниетті білдіретін символдық мәнге ие болған. Яғни, тілек мәнді коннотация үстелген.

Қазақ халқында қыздың жасауын, жүгін апару салты бар. Осы салттың негізінде Оңтүстік Қазақстан өңірінде сандық апару, сандық ашу рәсімі қалыптасқан. Бұл жердегі «сандық апару» ұғымы қыздың жасауын, жүгін ассоциациялайтын метонимиялық тілдік бірліктің қалыптасуына себеп болып тұр. *Сандық* лексемасы тұрмыста темір не ағаштан жасалған түрлі бұйым салатын зат деген мағынаны білдіреді. Ғұрыптық рәсімдерге қатысты дискурста сандық лексемасы сакралды, екіншілік мәнге ие болып, қалыңдықтың жасауының бір бөлшегінің қызметін атқарады. Сакралдау үрдісінің келесі деңгейінде символдық мән үстеледі, нәтижесінде қалыңдықтың ата-анасының материалдық жағдайының көрсеткіші деген мағыналық компонент пайда болады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында қыздың *сандығын апару*, келіннің *сандығын ашу* рәсімдеріне қатысты қолданылатын сандық лексемасы заттарды сақтайтын орынды ғана емес, жалпы жасау, жүк, соның ішінде қыздың отбасының материалдық жағдайы туралы ақпарат беретін белгі ретінде танылған (Сызба 8).



Сызба 8 – «Сандық» ұғымының мағыналық даму кадамдары

Схема 8 – Этапы семантического развития понятия «сандық» (сундук)

Scheme 8 – Stages of semantic development of the concept of «sandyq» (chest)

Байқағанымыздай, метонимияның когнитивті механизмі ғұрыптық рәсімдерге қатысты мәтіндерді өзекті қылуда өте өнімді болып табылады. Метонимия белгілі бір рәсімге қатысты жағдайды жалпылап, оның ішінен лингвомәдени ортаға маңызды және таңбалық компонентті бөліп көрсетеді. Бұл компонент кейіннен рәсімге қатысты сценарийді іске қосуға қажетті барлық сипаттамаларға ие болады.

### Қорытынды

Қортындылай келе, біздің ойымызша, әлеуметтік және коммуникативтік құзыретті тұлғаның қалыптасуына оның сол лингвомәдени ортадағы рәсімдердерге қатысты білімді меңгеруі тікелей әсер етеді. Бұл білімге сакралды саладағы (діни, ұлттық мерекелер, ойындар, ғұрыптық рәсімдер) және қоғамдағы стереотиптік жағдайларға қатысты түсініктерді жатқызуға болады.

Скриптонимдердің екіншілік мәнінің бекіп, тұрақтануына түрлі лингвомәдени кодтар ұйытқы болады. Соның ішінде мәдени акционалды кодтар арқылы репрезенттелген скриптонимдердің басым екені анықталды. Акционалды код – лексемалар арқылы репрезенттелетін адамның түрлі әрекеті атауларының жиынтығы дейтін болсақ, біздің талдауымыздағы *айналмақ, ақ киізге көтеру, жеңгетайлық жасау, қамшы тастау, үкі тағу, сандық апару рәсімдері мен оларға қатысты екінші мағыналы тілдік бірліктердің барлығы белгілі бір әрекетке негізделген* компонентерден тұрады.

Біз өз зерттеуімізде ғұрыптық рәсімдерді түрлі кодталған бөлшектерден тұратын мәдени мәтін ретінде қарастырдық. Ғұрыптық рәсімдерге қатысты мәтіндердің екіншілік мағынаға ие болып, актуалдану, сакралдық мәнге ие болу процесін талдап, сипаттадық. Соның ішінде, ғұрыптық рәсімдердің негізінде қалыптасқан скриптонимдердің репрезенттелу үрдісіндегі актуалдау жолдарын төртке бөліп қарастырдық. Олар: *ғұрыптық рәсімге қатысты атрибут; ғұрыптық рәсімді орындаушы субъект; іс-әрекетті орындаудың объектісі; байланыс жағынан*

*ассимиляциялау немесе метонимия.*

Анықталған актуалдау жолдарын талдау және сәйкесінше скриптонимдердің екінші мағыналы тілдік репрезентациясын дәйектеу мақсатында, қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты әртүрлі жағдайда орындалатын *айналмақ, ақ киізге көтеру, жеңгетайлық жасау, қамшы тастау, үкі тағу, сандық апару* (қыздың жасауын апару салтына қатысты жергілікті рәсім) рәсімдері сараланды. Кейбір скриптонимдердің уақыт өте келе жағымсыз мәнді коннотация үстейтіні анықталды. Мәселен, екі жасты таныстыру мақсатында орындалатын *жеңгетайлық рәсімінің (M<sub>1</sub>) алғашында кез-келген екі адамның арасында дәнекер болу (M<sub>2</sub>) екіншілік мағынасына ие болса, кейіннен арам жолмен ақша табатын жеңгетайлар (M<sub>3</sub>) секілді жағымсыз коннотацияға ие болған.*

Антропоэлекті парадигманың аясында осы секілді лингвомәдени кодтардан тұратын сценарийлерді жан-жақты зерттеу – өзекті мәселе. Екіншілік мәнді скриптонимдерді және лингвомәдени кодтарды лексемаларға орнығу тәсілдерін анықтау халқымыздың ұлттық-мәдени даралығын танытып, құндылық бейнесін айшықтайды. Сонымен қатар екінші мәнді скриптонимдер тілдің коннотативті қорын толықтырушы көз ретінде қарастыруға болады. Себебі тарихи-мәдени даму барысында пайда болған жаңа түсініктерге атау беру өте маңызды әрі күрделі үрдіс. Бұндай ұғымдарға жаңа атауларды ойдан шығара алмаймыз, тек этнотілдік ұжымның генетикалық жадында сақталған ақпараттан ұқсас ұғымдарды алып, мағынасын дамыту, екінші мағына үстеу арқылы ескілерін жаңартамыз.

Сонымен қатар зерттеу жұмысында талданған ғұрыптық рәсімдер мен оларға қатысты қалыптасқан скриптонимдердің лингвомәдени-этимологиялық түсініктерін тіліміздегі қолданыс аясы тар немесе көпшілік біле бермейтін ұғымдардың мағынасын шетелдіктерге түсіндіру барысында қолдануға болады.

#### Әдебиеттер

- Ақбай Н.Е. Абай жолы энциклопедиясы. Энциклопедия / Ақбай Н.Е. – Алматы: Арда, 2008. – 504 б.
- Алефиренко Н.Ф. Поэтическая энергия слова: синергетика языка, сознания и культуры / Н.Ф. Алефиренко. – Москва: Academia, 2002. – 392 с.
- Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: Білім, 2006.
- Байбурун А.К. Ритуал в традиционной культуре: Структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов / А.К. Байбурун. – СПб.: Наука, 1993.
- Банкова Т.Б., Угрюмова, М.М., Агапова Н.А. Константы русской народной культуры: языковые воплощения. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования "Национальный исследовательский Томский государственный университет", 2017 г.
- Бопайұлы Б. Қазақ сөз саралау өнері. – Павлодар: «Павлодар облыстық еркін мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, 2020. – 256 б.
- Быкова О.И. Этноконнотация как вид культурной коннотации: на материале номинативных единиц немецкого языка / О.И. Быкова. – Воронеж: Воронежский государственный университет, 2005. – 277 с.
- Донец П.Н. К типологии культурных кодов. Харківського національного університету імені вн каразіна №1002, 6, 2012.
- Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали – Алматы: Арыс, 2006. – 416 б.
- Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік/ Ә.Қайдар. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
- Қалыбаева Қ.С., Тымболова А.О., Алишова А.Н. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі ғұрыптық лексика. – Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2018. – №1 (169). – Б. 96-101.
- Лакофф Дж. Метафоры, которыми мы живем / Дж.Лакофф, М.Джонсон: перс. с англ. Ф.Н. Баранова и А.В. Морозовой: под ред. и с предисл. А.Н. Баранова. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.
- Матыжанов К.С. Ойын мен рәсім (ритуал) – адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы // Кегуен, 2021. – №3.
- Моторина Н.В. Лингвокультурные скрипты традиционного коммуникативного поведения в России и Англии: дисс. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2013. – 184 с.
- Мурзинова А.С. Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде): филос. докт. (PhD) ... дисс. – Алматы, 2021. – 257 б.

- Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Яз. рус. культуры, 1996.
- Телия В.Н. Вторичная номинация и ее виды / В.Н. Телия // Языковая номинация (Виды наименования – Москва: Наука, 1977. – 129 с.
- Толстой Н.И., Толстая С.М. Славянская этнолингвистика: вопросы теории. – Москва: Институт славяноведения РАН, 2013. – 240 с. (Материалы ко Второму Всероссийскому совещанию славистов 5-6 ноября 2013 г.)
- Толстая С.М. Терминология обрядов и верований как источник реконструкции древней духовной культуры / С.М. Толстая // Славянский-балканский фольклор. – Москва, 1994. – 215 с.
- Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ тілі, 2021.
- Хорохордина М.В. Скриптонимы как способ репрезентации знаний немецкоязычного культурного пространства (на примере номинаций в сфере ритуализованной коммуникации): дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.04 / Марина Владимировна Хорохордина. – Воронеж: Воронеж. гос. ун-т, 2018. – 166 с.
- Чуньхун Б. Акциональный код культуры и средства его репрезентации в русском языке. Известия Волгоградского государственного педагогического университета, 10 (143), 2019. – С. 175-179.

### References

- Alefirenko, N.F. (2002) Pojeticheskaia jenergiia slova: sinergetika jazyka, soznaniia i kul'tury. Moskva: Academia, 392 s. [Alefirenko, N.F. (2002) Poetic energy of the word: synergetics of language, consciousness and culture / N.F. Alefirenko. Moscow: Academia, 392 p.] (in Russian)
- Aqбай, N.E. (2008) Abaj zholy jenciklopedijasy: Jenciklopedija. Almaty: Arda, 504 b. [Aqбай, N.E. (2008) Encyclopedia of the way of Abay: encyclopedia. Almaty: Arda, 504 p.] (in Kazakh)
- Atabaeva, M.S. (2006) Qazaq tili dialektilik leksikasynyng jetnolingvistikalıyq negizi. Almaty: Bilim. [Atabayeva, M.S. (2006) Ethnolinguistic basis of the dialect vocabulary of the Kazakh language. Almaty: Bilim] (in Kazakh)
- Bajburin, A.K. (1993) Ritual v tradiconnoj kul'ture: Stukturno-semanticheskij analiz vostochnoslavjanskikh obrjadov. SPb.: Nauka. [Baiburin, A.K. (1993) Ritual in traditional culture: Structural and semantic analysis of East Slavic rituals. St. Petersburg: Nauka] (in Russian)
- Bankova, T.B., Ugrjumova, M.M., Agapova, N.A. (2017) Konstanty russoj narodnoj kul'tury: jazykovye voploshhenija. Federal'noe gosudarstvennoe avtonomnoe obrazovatel'noe uchrezhdenie vysshego obrazovanija. Nacional'nyj issledovatel'skij Tomskij gosudarstvennyj universitet. [Bankova, T.B., Ugrjumova, M.M., Agapova, N.A. (2017) Constants of Russian folk culture: linguistic embodiments. Federal State Autonomous Educational Institution of Higher Education. National Research Tomsk State University.] (in Russian)
- Bopajuly, B. (2020) Qazaq soz saralau oneri. Pavlodar: Pavlodar oblystyq erkin mugedekter qogamy qogamdyq birlestigi. 256 b. [Bopaiuly, B. (2020) Kazakh art of word differentiation. Pavlodar: Public Association Pavlodar regional Society of Free disabled people. 256 p.] (in Kazakh)
- Bykova, O.I. (2005) Jetnokonnocija kak vid kul'turnoj konnocii: na materiale nominativnyh edinic nemeckogo jazyka. Voronezh: Voronezhskij gosudarstvennyj universitet, 277 s. [Bykova, O.I. (2005) Ethnoconnotation as a type of cultural connotation: based on the material of nominative units of the German language. Voronezh: Voronezh State University, 277 p.] (in Russian)
- Chun'hun, B. (2019) Akcional'nyj kod kul'tury i sredstva ego reprezentacii v russkom jazyke. Izvestija Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, 10 (143). S. 175-179. [Chunhong, B. (2019) The action code of culture and the means of its representation in the Russian language. Proceedings of the Volgograd State Pedagogical University, 10 (143). P. 175-179] (in Russian)
- Donec, P.N. (2012) K tipologii kul'turnyh kodov. Harkiv'skogo nacional'nogo universiteta imeni V.N. Karazina №1002, 6. [Donets, P.N. (2012) Towards a typology of cultural codes. Kharkiv National University named after N.Karazin No. 1002, 6] [in Russian]
- Horohordina, M.V. (2018) Skriptonimy kak sposob reprezentacii znanij nemeckojazychnogo kul'turnogo prostranstva (na primere nominacij v sfere ritualizovannoj kommunikacii): diss. ... kand. filol. nauk: 10.02.04. Voronezh: Voronezh. gos. un-t, 166 s. [Khorokhordina, M.V. (2018) Cryptonyms as a way of representing knowledge of the German-speaking cultural space (on the example of nominations in the field of ritualized communication): diss. ... candidate of Philology: 10.02.04. Voronezh: Voronezh State University, 166 p.] (in Russian)
- Lakoff, Dzh. (2004) Metaforı kotorymi my zhivem. Dzh. Lakoff, M. Dzhonson: pers. s angl. F. N. Baranova i A.V. Morozovoj: pod red. i s predisl. A.N. Baranova. Moskva: Editorial URSS, 256 s. [Lakoff, G. (2004) Metaphors that we live by. G. Lakoff, M. Johnson: translated from English by F. N. Baranova and A.V. Morozova: ed. and with a preface by A.N. Baranov. Moscow: Editorial URSS, 256 p.] (in Russian)
- Matyzhanov, K. (2021) Oıyn men rasim (ritual) – adamzat qogamynyng asa mangyzdy aleumettik qarym-qatynas quraly. Keruen, 72(3) [Matyzhanov, K. (2021) The game and ritual (ritual) are the most important means of social communication of human society. Keruen, 72(3)] (in Kazakh)
- Motorina, N.V. (2013) Lingvokul'turnye skripty tradiconnogo kommunikativnogo povedeniija v Rossii i Anglii: diss. ... kand. filol. nauk. Volgograd, 184 s. [Motorina, N.V. (2013) Linguistic and cultural scripts of traditional communicative behavior in Russia and England: Diss. for the degree of Candidate of Philology. Volgograd, 184 p.] (in Russian)

Murzinova, A.S. (2021) Ul'tyq-madeni stereotipterdig ereksheligi men kommunikativtik sipaty (qazaq, orys, agylshyn tilderining ul'tyq-madeni qundylyqtary negizinde): filosofija doktory (PhD) ... diss. Qazaq ul'tyq qyzdar ped. un-ti. Almaty, 257 b. [Murzinova, A.S. (2021) Specificity and communicative nature of national-cultural stereotypes (on the basis of national-cultural values of Kazakh, Russian, English): diss. for the degree of Doctor of Philosophy (PhD); Kazakh National Teacher Training university. Almaty, 257 p.] (in Kazakh)

Qaidar, Ä. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde: jetnolingvistikalıyq sozdik. Almaty: Sardar, 728 b. [Qaidar, A. (2013) Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary. Almaty: Sardar, 728 p.] (in Kazakh)

Qalybaeva, Q.S., Tymbolova A.O., Alishova A.N. (2018) Qazaq zhane qyrgyz tilderindegi guryptyq leksika. Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja, 169(1). B. 96-101 [Qalybayeva, Q.S., Tymbolova A.O., & Alishova A.N. (2018). Ritual vocabulary in Kazakh and Kyrgyz languages. Vestnik KazNU. Philology series, 169 (1), P. 96-101] (in Kazakh)

Qazaq halqynıng dasturleri men adet-guryptary (2006) 1-tom: Duniege kelgennen omirden ozganga dejin (otbasylyq adet-guryptar erterektegi avtorlardyng engbekteri boıynsha). Qurast. S. Azhigali. Almaty: Arys, 416 b. [Traditions and customs of the Kazakh people (2006) Volume 1: from birth to death (family customs according to the works of earlier authors). comp. S. Azhigali. Almaty: Arys, 416 p.] (in Kazakh)

Qazaqtıng adet-guryptary men salt-dasturleri: otkendegisi zhane bugini (2001) Maqalalar zhinagy. Almaty: Gylym, 428 b. [Kazakh Customs and traditions: past and present (2001) collection of articles. Almaty: Gylym, 428 p.] (in Kazakh)

Qazaqtıng jetnografıjalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2011) Jenciklopedija. 1-tom. Almaty: DPS, 738 b. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2011) Encyclopedia. Volume 1. Almaty: DPS, 738 p.] (in Kazakh)

Telija, V.N. (1996) Russkaja frazeologija. Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty. Moskva: Jaz. rus. kul'tury. [Telija, V.N. (1996) Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects. Moscow: Yaz. rus. kul'tury] (in Russian)

Telija, V.N. (1977) Vtorichnaja nominacija i ee vidy; Telija, V.N. Jazykovaja nominacija (Vidy naimenovaniy. Moskva: Nauka, 129 s. [Telija, V.N. (1977) Secondary nomination and its types; V.N. Telija. Language nomination (Types of names. Moscow: Nauka, 129 p.)] (in Russian)

Tolstaja, S.M. (1994) Terminologija obrjadov i verovaniy kak istochnik rekonstrukcii drevnej duhovnoj kul'tury. S.M. Tolstaja. Slavjanskij-balkanskij fol'klor. Moskva, 215 s. [Tolstaya, S.M. (1994) Terminology of rituals and beliefs as a source of reconstruction of ancient spiritual culture. S.M. Tolstaya. Slavic-Balkan folklore. Moscow, 215 p.] (in Russian)

Tolstoj, N.I., Tolstaja, S.M. (2013) Slavjanskaja jetnolingvistika: voprosy teorii. Moskva: Institut slavjanovedeniya RAN, 240 s. (Materialy ko Vtoromu Vserossijskomu soveshhaniju slavistov 5-6 nojabrja 2013 g.) [Tolstoj, N.I., Tolstaja, S.M. (2013) Slavic ethnolinguistics: questions of theory. Moscow: Institute of Slavic Studies of the Russian Academy of Sciences, 240 p. (Materials for the Second All-Russian Meeting of Slavists on November 5-6, 2013)] (in Russian)

Uali, N. (1984) Soz madenieti. Almaty: Mektep, 75 b. [Uali, N. (1984) Culture of the word. Almaty: Mektep, 75 p.] (in Kazakh)

Uali, N. (2021) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi. Almaty: Qazaq tili [Uali, N. (2021) Theoretical foundations of Kazakh speech culture. Almaty: Qazaq tili] (in Kazakh)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.01.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2024.

© Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024